Адамды шыңға жетелеп, бар мақсатына уақытында жеткізетін қасиет – еңбекқорлық. «Таңның атысынан күннің батысына дейін маңдай тері жіпсігенше жұмыс жасап, нәпақа табу – әр адамның өмірлік міндеті» деп өзінің өмірлік ұстанымын қалыптастырған Гүлнар Тыныштыбайқызы әкеден ерте айырылып, анасының екі-үш жұмыста жүріп бес баланы жетілдіргенін көріп өсті. 1964 жылы 1 ақпанда Атырау облысы, Мақат ауданында дүниеге келген ол, М. Горький атындағы орта мектепті 1981 жылы бітіріп Ақтобе қаласындағы химиялық-технологиялық училищесіде білімін жетілдіреді. 1984 жылы Маңғыстаудағы аға-жеңгесінің шақыртуымен Ақтауға келген өрімдей қыз, болашағын мұнай саласымен байланыстырамын деп ойламаса керек. Мамандығы бойынша химзаводқа құжат тапсырған ол: - «Бұйырмыс болар, заводтан бұрын табылған жұмыс орыны болды. Ол кезде таңдап жүретін кез емес. Жармастым да кеттім. Содан бері тапжылмай 37 жыл еңбек етіп келемін. Уақыт неткен жылдам. Бала арнамым темір жолшы болу еді, еш өкінбеймін. Керісінше, осы салада жұмыс жасауыма септігін тигізген, мұнай саласының жілігін шағып, майын ішкен, бүгінде ардагер-мұнайшы болып зейнеткерлікте отырған ағам Галиев Бисенбай мен Райма жеңешеме алғысым зор».

-1984 жылы жұмысқа орналасқан кезім, бастығымыз Шағыров Айтжан ағай еді. Қастекова Күләш апайдай тәжірибелі, өте сауатты жандардың мектебінен өттім. Осы кісілерді өзіме ұстаз санаймын. Сол кезде 20 жаста едім. Қатты қобалжыған кездерім болды. Бірақ жоғарыда аталған

әріптес ағаларым: «Бұл жұмысқа сенің қабілет-қарымың жетеді» — деп, маған сенім білдірді. Бірнеше жыл тәжірибе жинаған соң басшылық мені Асарға жіберді. Ол кезде өзі шағын, жұмысы көп кенорынының тірлігіне алғашында қиналғаным рас, бірақ бірте-бірте мойын бұруға шама келтірмейтін қауырт жұмысқа біржолата ден қойып кеттім. Кейін Оңтүстік БКНС-ке ауысып, қасымдағы оператор Алмагүл Нұрханова екеуміз жұмыс барысындағы қиындықтарды бүгінгі күнге дейін бірге еңсеріп келеміз, - деп кейіпкеріміз еңбек жолын есіне алды.

Гүлнар Тыныштыбайқызы жұмыс жасайтын цех жұмысы шаш етекпен. Механик ретінде бір басына жүктелген бес насостың жұмысын қадағалап, жабдықтардың үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. «Әуелгі кезде еш жағдай болмайтын, қолымыздың майын тоқшәйнекке су ысытып жуатынбыз, қазір бәрі өзгерді. Жаңаның аты жаңа. Үйренісіп кеткенге дейін, біраз зерттедік қой. Ал уақыт өте келе, сол жаңа технологияларсыз бір адым да аттап баспайтын уақыт туды. Алдағы кезде де цех жұмысын автоматтандыру процесі үзбей жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді», - дейді машинист. Кәсіби шеберлігі жоғары маман өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды. Еңбек жағдайын жасап, әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз етіп отырған компанияда жұмыс жасайтыны мақтан етеді. Жер асты қысымын ұстау арқылы су айдап, мұнайды көтеру, оның орнын сумен толтыру сынды жұмыстарды әдемі жымып қойып, үлкен ықыласпен атқарады. Сырттан келген маман емес, қателесуге жол жоқ, белді компанияның атына, абыройына дақ



түсіргісі келмейді. Ұжымдастары да Гүлнар Тыныштыбайқызын биік адамгершілігі, біліктілігі мен еңбекқорлығы үшін сыйлайды.

Жетібайлық мұнайшылар оны ұстаз, жаны жайсаң жақсы апа деп құрметтеп, алдынан кесе көлденең өткен емес.

Бір орыннан тапжылмай, тірнектеп жиған тәжірибесінің арқасында 4-дәрежеге жеткен Гүлнар Тыныштыбайқызы адал еңбегінің арқасында өндіріс көшін алға сүйреп келеді.

Л.Жолдыбаева

Ардагерлерді ардақтайық

ЕР ЕҢБЕГІМЕН СЫЙЛЫ

Жуырда Маңғыстау мұнай саласының үздігі Көшербай Әлібаевтың тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Әбілқайыр Байпақов, Ақтау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманжол Қартбай, Көшербай Әлібаевпен қызметтес болған ардагер мұнайшылар мен замандастары қатысты.



Өлке өндірісіне дем берген мұнай саласына бар ғұмырын арнаған Көшербай Әлібаевқа арналған ескерткіш тақтасының ашылу рәсіміне жиылған жұртшылықтың қарасы көп болды.

– «Адамдар әділ болса өмір әрқашан әділ» деген сөз бар. Еңбек жолын сонау өзі туып-өскен Түпқарағаннан бастап, Маңғыстау мұнайын игеруге бар жастық жігерін арнап, күш-қуатын сарқа отырып қызмет еткен Көшербай ағамыздың тұрған үйінде ескерткіш тақта орнатылуының мән-маңызы зор. Елге еңбегі сіңген ағаларымыздың өмірін өскелең ұрпаққа үлгі етіп, насихаттау – ең үлкен мақсат. Осы игілікті істің іске асуына атсалысқан барша азаматтарға, ұрпақтарына алғыс айтамыз.

Ағаның ескерткіш тақтасы құтты болсын, – деді қала әкімінің орынбасары Ә.Байпақов. Ескерткіш тақтасын Ақтау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманжол Қартбай мен мұнайшының ұлы «Қаламқасмұнайгаз» АҚ кешенді мұнай дайындау және өткізу цехының бастығы Өркенбай Әлібайұлы салтанатты түрде ашты.

– Қадірлі қонақтар. Асыл ағамызды еске алып, мәңгілік ұрпақ жадында қалдыруға арналған ескерткіш тақтасы құтты болсын. Көшербай ағаның еңбегі ерекше еленіп, жоғары баға алған. Мен «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының әлеуметтік

саласына жетекшілік еткен кезімде ағамызбен талай пікірлес болған едік. Ағамыз қандай құрметке де лайық, асыл азамат еді. Көзі тірісінде де үлкен құрметке бөленген. Бүгінгі ұрпақ та ұмытпауы тиіс деп білемін. Ағамыздың иманы жолдас, рухы шат болғай. Ұрпақтары өсіп-өне берсін. Мына ескерткіш тақта болашақ буынға үлкен үлгі-өнеге болсын. Ұлы азаматтарымызды ұлықтайық, – деді Аманжол Қартбай.

Көшербай Әлібайұлы Форт-Шевченко қаласындағы Киров атындағы орта мектепті бітірген соң, Гурьев мұнай техникумына түсіп, 1962 жылы тәмамдайды. 1958-1996 жылдардағы еңбек жолы Маңғыстаудың

мұнай өндіру саласымен тығыз байланыста болды. «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасында өндіру операторы, шебер, №3 бұрғылау цехының бастығы, шебер, 5-дәрежелі бұрғышы болып, еңбек еткен. «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі «Комсомолскнефть» өндірістік басқармасында мұнай және газ өндіру операторы қызметтерін атқарған.

Көшербай Әлібайұлы жайында замандас, жолдастары өз естеліктерін айтып, жылы лебіздерін білдірді. «Көшербаймен бірге оқып, қатар есейдік. Жастай спортпен айналысып, әр кездері туған жеріміздің абыройын бірге қорғадық. Оның мұнай игеруде ерекше еңбегі сіңген мұнайшы екенін мұқым ел түгел біледі. Еңбегімен ел алдында үлкен абыройға бөленген азаматтың атын ардақтап, таныта түскен ескерткіш тақтасының ашылуына үлес қосқан азаматтарға замандастары атынан зор ризашылығымды айтамын», – деді сыныптасы Асылбек Айдаров.

Көшербай Әлібайұлы еселі еңбегі және мұнай өндіру саласына қосқан сүбелі үлесі үшін «Құрмет белгісі», «Еңбек қызыл

ту» ордендерімен наградталған. «Еңбек ардагері» медалінің иесі. «Ерлік еңбегі үшін», «Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған. Сондай-ақ «КСРО Мұнайгаз өнеркәсібінің озаты», «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» төсбелгілерін алған. Көшербай Әлібаев 2016 жылдың қазан айында өмірден озды. Ұлдары Өнербай мен Өркенбай бүгінде өке жолын жалғастырып, жергілікті мұнай өндірісінде қызмет етеді. Көшербай Әлібайұлының өткен еңбегі мен мұнай игеруде жасаған ерлігі тарих беттерінде қатталды. Елін сүйген еңбек иесінің үйіне орнатылған ескерткіш тақтасы «өткенге салауат – келешекке аманат» болып қалады.

Жайық НАҒЫМАШ



Қаламқас кештері

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ...

11 қараша қаламқастықтардың көңілінде өшпес із қалдырған ерекше кештің куәсі болды. Өлкенің өндірісін өркендетіп, халықтың қамбасын қара алтынға қарық қылып жүрген мұнайшылар ордасына алаштың ардақты азаматы, елім деп елжіреген әр жүректің төрінен ойып тұрып орын алатын «Көк тудың желбірегені» атты дара туындының авторы Алмас Сақбаев пен ҚР мәдениет қайраткері, дәулескер күйші Еркін Ерген табан тіреді. Кездесу ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығын тойлау аясындағы іс-шаралар жоспары шеңберінде ұйымдастырылды.

Алмас Ахметбекұлы – 1961 жылы ҚХР, Тарбағатай аймағында дүниеге келген. 1982 жылы Іле педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдап, 1982-1992 жылдар аралығында Шәуешек қаласында шығарылатын «Тарбағатай» әдеби журналының редакторы болып қызмет атқарған. 1993 жылы тарихи Отанына оралды.

Елге оралған соң 1993-1995 жылдары «Жас Алаш» газетінде тілші, 1996-2006 жылдары әл-Фараби атындағы ҚҰУ журналистика факультетінде аға-оқытушы, ҚР Парламенті Мәжілісінде баспасөз қызметкері болып жұмыс істеген. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері атағының иегері, акын, оратор – сөз зергері. «Дауыс», «Ширығу», «Көк тудың желбірегені» атты өлең жинақтарының авторы.

Шұрайлы мекеннен мұнайлы мекенге ат терлетіп арнайы келген мәртебелі мейман



ұлттық өнер, ұлт болмысы, отан алдындағы борыш, адал еңбек тақырыбында сөз қозғап, асқақ патриоттық рухқа толы жалынды жырларынан маржан шашты. Жаксы сөзге сусап қалған еңбеккерлерге де керегі осы еді, бірден елітіп ала кетті. Атамекенін ардақтап, сары даланың сырлы сазын шығармаларына арқау еткен акынның әрбір сөзі көңіл нысанасына дәл тиіп жатты. Сол мезетте «Кеш жалғаса түссе екен...» деген тілектер жиылған жұрттың жанарынан байқалып-ақ тұрды.

Алмас Ахметбекұлының поэзия әлеміндегі сапары өткен ғасырдың 80-жылдарында басталыпты. Ал бүгінде ол

қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар дара әрі талантты акын. Оның ойлы образдар мен шынайы сезімдерге толы туындылары Алмас Ахметбекұлын сол 80-жылдардың өзінде-ақ Шыңжаң қазақтарының арасында кеңінен танымал еткен. Оның әрбір шығармасынан елі мен жеріне деген өлшеусіз махаббаты мен шексіз сағынышын сезінуге болады. Бұл, әсіресе, Алмас Ахметбекұлының атамекенінен жырақта жүрген шағында жазған «Туған жерім – балалығым», «Сәуірдің бұлты», «Аптап» секілді өлеңдерінен ап-анық сезіледі. Өлеңдердің қарапайымдылығы, тілге жатық келуі, әсері мол көркем

ойлармен көмкерілуі Алмас Ахметбекұлы туындыларының басты ерекшелігі десек те болады. Алмас ағаның «Көк тудың желбірегені» атты өлеңі де сондай қарапайым әрі қайталанбас туынды. Сондықтан болар, бүгінде бұл өн еліміздегі барлық салтанатты жиындарда, мереке-мейрамдарда, әскери бөлімдер мен оқу орындарында шырқалып жүр.

Кеш өте әсерлі әрі тартымды болды. Көрермен ұйған күйі тапжылмай тындап отыр. Ал, Алмас ағаның шашбауын көтеріп, алыс сапарда жолдас болған Еркін Ергеннің орындауындағы күйлер мен ақының сөзіне жазылған әндер кештің одан әрі салтанатын асырды. Әсіресе, Алмас ағаның өлеңіне жазылған «Бозинген» әні көпшіліктің көңіл пернесін дөп басқандық болды. Өлеңдегі түйе малының мінездемесі, ботасының боздауы, жапырық өркеші мен жабырқау жанары арқылы берген теңеулері мен ойлары адам бойындағы Ұлы далаға, Анаға, Отанға деген тіл жеткісіз тылсым сағынышты қозғап, жүрек түбіне тұнған ойларды оятып қоя беретіндей. Еріксіз ерекше күйге еніп кете барасың.

Өз кезегінде, рухани қуат алған мұнайшылар да қарап қалмады. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының жұмысшысы, айтыскер акын Райымбек Тұзелов меймандарға арнау айтып, мұнайшылар атынан алғысын жеткізсе, «Oil Servis Company» ЖШС бас директорының орынбасары Рахат Демесінұлы мырза Алмас Ахметбекұлына ат мінгізді.

МҰНАЙШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ – СЕНІМДІ ҚОЛДА!

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының автопаркін жаңғырту ісі жалғасын табуда.

«ОТК» ЖШС балансына «Toyota Coaster» маркалы тағы сегіз жаңа жайлы автобус келіп түсті. Ағымдағы жылдың маусым айында сатып алынған «Hyundai Universe Lxhу» төрт автобусын ескерсек, «ҚазМұнайГаз» ҰК және «ОТК» ЖШС Маңғыстау облысындағы Қаламқас және Жетібай кенорындарына жұмыскерлерді тасымалдау үшін жаңа автобустар сатып алу бойынша 2021 жылға арналған міндеттемелерін толық орындады.

«Toyota Coaster» маркалы жаңа автобустардың негізгі тапсырыс берушісі – «Oil Services Company» ЖШС-нің Жетібай кенорнындағы ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу бригадаларын тасымалдайды. Бұл сегіз автобус Ақтау қаласынан ҰКЖ және ҰЖЖ бригадалары



жұмысшыларын кен орнына жеткізіп, содан кейін жұмыскерлерді үйлеріне кері алып кетеді. Бұл автобустар екі ауысымды режимде жұмыс атқаратындықтан, олардың әрқайсысына екі жүргізуші бекітілген. Көліктерді үздіксіз және толассыз пайдалану режиміне байланысты осы бағыттағы автопаркте уақытылы жанарту қажет. Сондықтан бұл автобустарды автопарк иелері де, тапсырыс берушілер де ерекше күткен.

Судай жаңа автобустардың кілттерін табыстау шарасына арнайы «OSC» ЖШС бас директоры Нүркен Таменов пен кәсіподақ ұйымының төрағасы Берік Дарменов шақырылып, қуанышымызға ортақтасты.

«ОТК» ЖШС бас директоры Ербол Тұрнийазов салтанатты шарада сөз алып, қызметкерлерді құттықтады.

- «Қазан айының соңғы жексенбісі «Көлік қызметкерлері» күні қарсаңында «ОТК» ЖШС 8 жаңа автобусымен толықтырылды. Бұл автобустар Жетібай кенорнындағы «OSC» ЖШС мекемесінің маршруттарына арналған. Автобустардың ескіруіне, тасымалдау жағдайларының нашарлауына және жолаушылар тарапынан объективті ескертулерге қарамастан, «OSC» ЖШС басшылығы мен қызметкерлері жағдайға әрдайым түсіністікпен қарады. Осы орайда біздің тапсырыс беруші мекемелерімізге жағдайымызға түсіністікпен қарағандары үшін алғысымды білдіргім келеді», - деп бас директор өзінің құттықтау сөзінде жаңа автобустардың жүргізушілеріне жолда әрдайым қауіпсіздік сақтап жүруін және сапарларының сәтті болуын тіледі.

«OSC» ЖШС бас директоры Нүркен Жарылғасұлы құттықтау сөзінде «ОТК» ЖШС өңірдегі жолаушылар тасымалдау қызметінің тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз ететін мекемелердің бірі екендігін атап өтті. – «Мекеме қызметкерлерінің біліктілігі мен іскерлігінің



арқасында біздің мекемеміздің және тапсырыс берушілердің үмітін ақтап келе жатыр. Алдағы уақытта автопаркте жаңа автобустар қатары көбейіп, қызмет көрсету сапасы жоғарлай беруіне тілекшіміз», - деп тілегін білдірді.

Келесі жылы тағы 10 автобус (8-сыйымдылығы үлкен «Hyundai Universe», 2 – орташа «Toyota Coaster») сатып алу жоспарланған.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС

ЦИФРЛАНДЫРУ – ӨНДІРІСКЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Қазіргі уақытта қазақстандық экономиканы цифрландыру артып келеді. Бұл тұста арнайы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Бұл – цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды да, кешенді бағдарлама. Қазақстанда цифрландырудың енгізілуі тұрмыс деңгейінде көп жеңілдік әкеліп жатқанын өзіміз де байқап келеміз.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттарының бірі - «Экономика салаларын цифрландыру» болып табылады. Ал оның маңызды саласының бірі - Өнеркәсіпті және электр энергетикасын цифрландыру жұмыс ұйымдастырудың қайнар көзі болып табылады.

Бекітілген бағдарламаны Маңғыстау түбегінің Қаламқас және Жетібай кен орын ұңғымаларын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ететін, 25 жылдық даму тарихы бар «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС басшылыққа алды. Мамандандырылған инженер – техникалық қызметкерлерінің ерен еңбектерінің арқасында жұмыс басталып кетті. Қазіргі таңда жалпы саны 75 нысанда - 110/6кВ, 35/6кВ, 35/10кВ қосалқы станцияларында, 6кВ тарату пункттерінде, 6кВ тысқары топтамалы таратушы қондырғылар мен блоктық түптік сорғы станциялар мен топтық қондырғыларда (топтамалы трансформаторлық қосалқы станция), сол сияқты мұнай айдау станоктарында 2466 есептеу нүктелері орнатылды. Соған сәйкес 28 нысанға қойылған жаңа диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелері сәтті жұмыс жасап тұр. Аталған заманауи технологиялық жабдықтарды қондыру және баптау жұмыстары толығымен «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС – нің білікті мамандардың жауапкершілігінде. Сонымен қатар «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның барлық нысандарын 100 пайыз толығымен автоматтандыруды қамтамасыз ету де осы ұжымның 2022 жылғы жоспарында.

Ғылыми зерттеліп, практикада мақұлданған электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі 3 сатылы құрылымнан тұрады.

1. Төменгі саты интеллектуалды электр энергиясын есептеу құралынан тұрады. Бұл сатыда қажетті аймақтағы энергоресурстар параметрлері үздіксіз өлшенеді және арнайы бақылаушының қатысуынсыз келесі сатыға ақпарат жеткізеді. Электр энергиясының көрсеткіштерін алу бір ғана диспетчердің қатысуымен жүргізіледі.

2. Ортаңғы саты ақпаратты жеткізу тәсілін қамтиды. Бұл тәуліктік электр есептегіштердің ақпараттарын жинақтаудан және оны таратудан тұрады.

3. Жоғарғы саты – бұл жүйеге қосылған қондырғылардан келген барлық ақпараттардың өңделетін орталық торабы. Бұл сатыда түскен ақпараттарды визуализациялау және талдауға мүмкіндік беретін арнайы программа қолданылады.

Осындай автоматтандыру шаралары кәсіпорындардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай дәрежеге артатынын аз уақыт ішінде көрсете білді. Атап айтқанда, өнеркәсіпті цифрландыру өндірістік процестерді бақылауды жақсартуға, шығынды азайтуға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, бәсекеге қабілеттілігін көтеруге көп мүмкіндік береді. Міне осындай жауапты да, өндіріс тиімділігіне пайдалы заманауи технологиялық қондырғыларды іске қосу мен қызмет көрсету жұмыстарында «МЭМ» ЖШС релелік қорғаныс, автоматтандыру және сынақтау қызметінің білікті қызметкерлерінің еңбектерін атап өтіп, алдағы өндірістік міндеттемелерді орындау жолында табыс пен сәттілік тілейміз.

Гүлбану Бекібаева,
Релелік қорғаныс, автоматтандыру және сынақтау қызметінің инженері



COVID-19

РЕВАКЦИНАЦИЯ ПРОТИВ COVID-19. ЧТО СЛЕДУЕТ ЗНАТЬ!

ТОО Институт хирургии «MEDITERRA» с первых дней поступления вакцины в клинику активно осуществляет информационное сопровождение, проводит мероприятия по иммунизации нефтяников и просветительские акции по информированию населения в вопросах вакцинации от COVID-19. На сегодняшний день более 62% работников АО «Мангистаумунайгаз» прошли полный курс вакцинации, пользуясь случаем хочется поблагодарить нефтяников, за высокую гражданскую позицию. Но, к сожалению, пандемия COVID-19 все еще не отступает и для того, чтобы усилить и укрепить защиту от вируса необходима ревакцинация.



- Прежде всего, что такое ревакцинация? Это получение третьей дозы вакцины против коронавируса, то есть еще одной дополнительной (бустерной).

- Зачем нужна ревакцинация от КВИ? Со временем уровень защищенности организма от инфекции снижается. И чтобы составляющие иммунитета, такие как антитела, В – лимфоциты, Т-лимфоциты, Т-клетки памяти вновь работали, прививку следует повторить.

На сегодняшний день большая часть стран приступила к ревакцинации насе-

ления. С учетом того, что мы в Казахстане начали активную кампанию в марте текущего года, сроки ревакцинации подошли и у нас.

Согласно Постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 15 ноября 2021 года №49 «О проведении ревакцинации населения против COVID-19 (коронавирусной инфекции / КВИ) в Республике Казахстан» проведение ревакцинации началось с 22 ноября 2021 года.

Контингенты населения (группы риска), подлежащие ревакцинации против КВИ:

- медицинские работники;
- педагоги;
- сотрудники силовых структур;
- персонал и контингент медико-социальных учреждений;
- лица старше 60 лет;
- лица с ослабленным иммунитетом, у которых после завершения вакцинации против КВИ не обнаружены антитела против КВИ;
- лица самостоятельно обследованные (не ранее чем через 28 дней после завершения курса первичной вакцинации против

КВИ) и имеющие отрицательный результат исследования на антитела против КВИ.

Ревакцинация проводится только один раз одной дозой вакцины против КВИ. Для ревакцинации применяются типы вакцин (инактивированная вакцина, векторная вакцина, м-РНК-вакцина), которые не применялись при первичном курсе вакцинации против КВИ.

Ревакцинация против КВИ проводится с соблюдением следующих интервалов:

1. после введения векторных вакцин – 9 месяцев;
2. после введения инактивированных вакцин и м-РНК-вакцин – через 6 месяцев.

Какие же виды вакцин применялись в Казахстане?

1. Спутник –V – векторная вакцина, разработанная российским Национальным исследовательским центром эпидемиологии и микробиологии имени Гамалеи. Состоит из 2-х компонентов. Оба компонента имеют ген S-белка вируса SARS-CoV-2, а не сам вирус, а также векторы на основе аденовируса человека 5-го серотипа (rAd5) и 26-го серотипа (rAd26), не способных размножиться. Вектор несет функцию транспорта и защиты генетического материала вируса.

2. Hayat-Vax – китайская вакцина от пекинского института биологических продуктов Sinofarm, производимая в ОАЭ. Hayat-Vax – инактивированная вакцина, одобрена ВОЗ, используется в 34 странах.

3. Corona-Vax Hayat-Vax инактивированная вакцина, разработанная китайской компанией Sinovac Biotech. Эта вакцина тоже одобрена ВОЗ и, помимо Китая, применяется в более 40 странах мира.

4. Qaz Vac – инактивированная вакцина, разработанная Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности Министерства образования и науки Казахстана. Вирус был инактивирован при помощи формальдегида.

5. Vero Cell – это инактивированная вакцина (Sinopharm), изготовлена из штамма SARS-CoV-2, 19nCoV-CDC-Tan-HB02, который прививают в клетки Vero для культивирования, сбора, инактивации β-пропиолактоном, концентрации и очистки, с последующей адсорбцией адьювантом из гидроксида алюминия с образованием жидкой вакцины», - говорится в документе.

6. Комирнати (производство Pfizer, США) – вакцина против КВИ на основе мРНК (модифицированная нуклеозидами). Данным препаратом могут вакцинироваться:

- дети и подростки в возрасте от 12 лет и старше;
- беременные женщины – с 16 по 37 недель беременности;
- женщины в период лактации - после окончания послеродового периода (через 42 дня).

Для ревакцинации на сегодняшний день в Мангистауской области применяют вакцину Qaz –Vac, независимо от полученной предыдущей вакцины. Учитывая нестабильную эпидемиологическую ситуацию в стране, предлагаем получить вакцину по мере наступления срока ревакцинации.

Байниязова Ф.И.,
Главный врач Филиала
ТОО «Институт Хирургии» в г. Актау

Сотрудничество

НОВЫЙ ГОД БУДЕТ ЯРКИМ!

Акиму города Актау Нурдаулет Килыбай поблагодарил АО «Мангистаумунайгаз» за оказанное содействие в подготовке города к Новому Году.



Как сообщил Нурдаулет Килыбай в интервью lada.kz, в этом году акимат Актау привлекает спонсорские средства для украшения города к Новому году. Аким заявил, что нынешнее новогоднее оформление будет сильно отличаться от прошлых лет. Украшением города согласилась заняться компания из Алматы, которая делала освещение во многих городах Казахстана: Караганде, Туркестане, Алматы и других.

- Хочется от всей души поблагодарить акционерное общество «Мангистаумунайгаз» за выделение спонсорских средств для декоративного оформления города, - отметил Нурдаулет Килыбай. - Желаю руководству и трудовому коллективу АО «Мангистаумунайгаз» стабильности, плодотворной работы и новых производственных достижений!

Спорт

ПОД ДЕВИЗОМ ОЛИМПИЙЦЕВ

Нешуточные страсти кипели в минувшие выходные на спортивных площадках АО «Озенмунайгаз», который принимал III Мангистаускую областную спартакиаду среди молодых специалистов. За почетные призы боролись спортсмены из шести нефтегазодобывающих компаний региона, в том числе и сотрудники АО «Мангистаумунайгаз».



Соревнования проводились по трем видам спорта: стрельба из лука, гиревой спорт и перетягивание каната. По итогам турнира, команда АО «Мангистаумунайгаз» заняла 4-ое общекомандное место, завоевав бронзовые медали в состязаниях по перетягиванию каната.

- К сожалению, нам не удалось показать свой лучший результат, - говорит ведущий инструктор по спорту ДАСВ АО «Мангистаумунайгаз» Нурлыбай Элубаев. - Об

участии в спартакиаде мы узнали за день до начала соревнований. За такой короткий срок собрать сильнейшую команду очень трудно, ведь у многих свои дела, планы на выходные. Тем не

мее, мы решили принять участие, и я считаю, что выступили вполне достойно, учитывая то, что в стрельбе из лука наша команда выступала впервые. Но еще раз повторюсь, выступление было достойным, хочется еще раз поблагодарить своих коллег за участие в турнире. Тем более, что девиз олимпийцев гласит - главное не победа, а участие! Впереди будет еще немало турниров, и я уверен, что наши ребята будут неоднократно подниматься на пьедестал почета.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - «Маңғыстаумунайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
- Л.Жолдыбаева;
- Ж.Кемал.
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Актау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютері-
рінде теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000